




КЕНЖЕҒАЛИ САҒАДИЕВ



«ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ»
БАСПАСЫ



Ө Н Е Г Е Л І Ө М І Р

ӘОЖ 94 (574)

К 30

К 30 Кенжеғали Сағадиев: Өнегелі өмір / ред. басқ. Ғ.М. Мұтанов.
– Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 356 б., сур.
ISBN 978-601-247-558-6

Бұл кітапта мемлекет және қоғам қайраткері, белгілі ғалым, экономика ғылымдарының докторы, профессор, академик К. Сағадиевтің 75 жылдығына орай мақалалар мен сұхбаттар, ғылыми айналымға алғаш енгізілген мұрағат құжаттары, фотосуреттер, сондай-ақ замандастарының, дос-жарандары мен шәкірттерінің жүрекжарды лебіздері топтастырылған.

Кітап көпшілік оқырманға, сондай-ақ студенттер қауымы мен ғылыми ізденушілерге арналған.

ӘОЖ 94 (574)

ISBN 978-601-247-558-6

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2012

Құрметті оқырман!

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті еліміздің мемлекет және қоғам қайраткерлеріне, ұстаз, ғалымдарға, Қазақстан ғылымы мен білімінің бастауында тұрған тұлғаларға арналған «Өнегелі өмір» атты сериялық кітап шығаруын одан әрі жалғастыруда. Қолдарыңызға тигелі отырған сериялық кітаптың 12-шығарылымы мемлекет және қоғам қайраткері, белгілі ғалым, экономика ғылымдарының докторы, профессор, академик К. Сагадиевтің 75 жылдық мерейтойына орай шыққалы отыр.

Ірі ғалым, педагог, жоғары мектеп ұйымдастырушыларының бірі, көрнекті қоғам қайраткері, экономика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының толық мүшесі Кенжеғали Әбенұлы Сагадиев 1938 жылдың 18 ақпанында Қостанай облысы Жангелдин ауданының 1-ауылында дүниеге келген. 1955 жылы Әулікөл орта мектебін күміс медальмен бітірген ол қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің экономика факультетіне түсіп, 1960 жылы оны үздік тамамдайды. Еңбек жолын өзі білім алған университетте оқытушылық қызметтен бастады.

1963 жылдан К.Ә. Сагадиев Г.В. Плеханов атындағы Мәскеу халық шаруашылығы институтының аспирантурасында оқып, диссертациясын мерзімінен бұрын қорғады. 1966 жылы АХШИ жоспарлау экономикасы факультеті деканының орынбасары болып тағайындалып, кейін осы институттың кафедра меңгерушісі, партия комитетінің хатшысы (1963-1973 жж.), оқу жұмыстары жөніндегі проректор (1973-1982 жж.) қызметтерінде істеп, Қазақстанның экономика саласындағы алғашқы жоғары оқу орнын ұйымдастырушылардың бірі болды.